



«Kaspi Bank» АҚ-тың электрондық банктік қызмет көрсету ережелеріне енгізілген ӨЗГЕРІСТЕР

1. Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2018 жылғы «05» желтоқсандағы №2018/12-102 хаттама) «Kaspi Bank» АҚ-тың электрондық банктік қызмет көрсету ережелеріне (бұдан әрі – **Ережелер**) мынадай өзгерістер енгізілсін:

- Ережелердің «Электрондық құжаттарды ұсыну тәртібі мен мерзімі» атты 6-бөлімінің 6.1. және 6.3.- тармақтары мына редакцияда жазылсын:

«6.1. Kaspi.kz-те төлемдер немесе ақша аударымдары бойынша электрондық банк қызметтері көрсетілгенін растайтын құжаттар (растайтын құжаттар) Клиентке электрондық тәсілмен қызмет көрсетілгеннен кейін Kaspi.kz-те көрсету арқылы және/немесе Клиенттің көрсеткен Телефон нөміріне қысқа мәтіндік және/немесе мультимедиялық хабарлар арқылы және/немесе Банктің айқындаған Байланыс арнасы арқылы басқа тәсілмен жолданады.

6.3. Банк растайтын құжаттарды Клиент сұратқаннан кейін 24 сағаттың ішінде Kaspi.kz арқылы электрондық түрде береді. Клиент Kaspi.kz-те тиісті қызметті көрсету тарихы бөліміне кіру арқылы сұратады. Сеанс аяқталғанда, құжаттарды алған сәтке дейін байланыс үзілгенде және т.б. қайта сұрату беру керек.».
